

Көліктегі ПБ-нің жолаушылар поезддарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшелері туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Ішкі істер министрлігі 2000 жылғы 5 желтоқсан N 664 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 20 желтоқсан N 1340 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 485 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2009.12.21 N 485 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Темір жол объектілеріндегі қоғамдық тәртіпті нығайту, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, қоғамдық қауіпсіздікті, " Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүлкін сақтауды, жолаушылардың жеке меншігін, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында бұйырамын:

1. Көліктегі ПБ-нің жолаушылар поезддарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшелері туралы нұсқаулық бекітілсін (қоса беріліп отыр)

2. Көліктегі ПБ-нің бастықтары:

1) осы Нұсқаулыққа сәйкес жолаушылар поезддарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырсын; 2) осы Нұсқаулықтың талаптарын Көліктегі ПБ жеке құрамының сынақ тапсыру арқылы оқып-үйренуін қамтамасыз етсін. 3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді. 4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің ӘПД (Қ.С. Тыныбеков) және Көліктегі ПБ-нің бастықтарына жүктелсін. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі - Ішкі әскерлер қолбасшысы генерал-лейтенант Көліктегі ПБ-нің жолаушылар поезддарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшелері туралы НҰСҚАУЛЫҚ 1. Жалпы е р е ж е

1. Жолаушылар поезддарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшесі көліктегі ПБ-де саптық полиция бөлімшелерінің типтік штаттарына с ә й к е с құ р ы л а д ы .

2. Бөлімше қызметінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен

Өкімдері, "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығы, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, Ішкіісминнің, көліктегі ПБ-нің ведомстволық нормативтік құқықтық актілері және осы Ереже болып т а б ы л а д ы .

3. Бөлімшенің жұмысы Ішкіісминнің, көліктегі ПБ-нің салалық қызметтерімен, Ішкіісминнің ішкі әскерлерімен, басқа да құқық қорғау органдарымен, бөлімшелерімен және Ішкіісминнің, көліктегі ПБ-нің, желілік ішкі істер бөлімдерінің жоспарларына сәйкес темір жол көлігінің қызметкерлерімен өзара тығыз іс-қимылда ұйымдастырылады.

4. Жолаушылар поездарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшесінің құрылымы мен штатын көліктегі ПБ-нің бастығы Қазақстан Республикасының Ішкіісминімен келісім бойынша бекітеді.

5. Жолаушылар поездарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшесін командир басқарады, ол көліктегі ПБ әкімшілік полиция қызметінің (басқармасының), Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ӘПД бастығына б а ғ ы н а д ы .

6. Бөлімше командирін, оның орынбасарларын Көліктегі ПБ-нің бастығы тағайындайды және босатады.

2. Негізгі міндеттері.

7. Қоғамдық тәртіпті күзету, қоғамдық қауіпсіздікті, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүлкін сақтауды, жолаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық қолсұғушылықтан, өзге де қоғамға жат көрністерден қорғауды қамтамасыз ету.

8. Жолаушылар поездарындағы, вокзалдардағы, станциялардағы қылмыстарды анықтауға, жолын кесу және ашуға бағытталған жедел-іздістіру және іздеу іс-шараларына қатысу.

9. Жеке және темір жол көлігі қызметкерлерінің көмегімен вокзалдарда белгіленген тәртіпті сақтауға, жолаушылардың еркін кіріп-шығуына шаралар қ о л д а н у .

10. Іздестірілудегі адамдарды (дезертирлерді), белгілі бір тұрғылықты жері, құжаттары жоқ адамдарды, басқа да құқық бұзушыларды анықтау, оларды ЖПО кезекші бөліміне немесе аумақтық ПО жеткізу.

3. Негізгі функциялары.

11. Жолаушылар поездарында және темір жол көліктері объектілерінде құқық

тәртібін

қамтамасыз

ету.

12. Қылмыс жасау пиғылындағы немесе қылмыс жасаған адамдарды анықтау және ұстау мақсатында қылмыстың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу жөніндегі іздеу және өзге де іс-шараларға қатысу.

13. Дайындалып жатқан және жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылықтар туралы азаматтардың өтініштері мен арыздарына, лауазымды адамдардың хабарламаларына тез арада ден қою, бұл туралы ЖПО, КІБ жедел кезекшісіне дер уақытында ақпарат беру.

14. Қылмыс жасалған жерде ұсталғандарды ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне айдап алу жүруде және оқиға болған жерден ізін жасырған қылмыстың жасалуына күдікті адамдарды ұстауға аумақтық ПО қызметкерлеріне көмек көрсету.

15. Темір жол көліктері объектілерінде паразиттік өмір сүретін азаматтарды анықтау, қолданыстағы заңнамаға сәйкес оларға шаралар қолдану.

16. Қайғылы оқиғалардан зардап шеккен, сондай-ақ дәрменсіз халдегі жолаушыларға көмек көрсету.

17. Азаматтар мен лауазымды адамдардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап ету, ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға кедергі болатын құқық бұзушылықтар мен әрекеттерді тоқтату. Бұл талаптарды орындамаған жағдайда "Қазақстан Республикасындағы ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына сәйкес арнайы құралдар мен атыс қаруын қолдануға дейін тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдану.

18. Құқық бұзушылыққа күдікті деуге негіз болған кезде азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру.

19. Ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру; хаттамалар толтыру, құқық бұзушыларды ұстау және оларды көліктегі ішкі істер органдарына жеткізу, адамдарды, заттарды, қозғалатын составтарды тінту, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірісті қамтамасыз ету жөніндегі заңнамада көзделген басқа да шараларды қолдану.

20. Мас күйдегі, адам абыройы мен қоғамдық әдепті қорлайтын не айналасындағыларға немесе өзіне зиян тигізуі мүмкін адамдарды көліктегі ішкі істер органдарының кезекші бөліміне жеткізу.

21. Құқық бұзушылық жасаған әскери қызметшілерді ұстау, оларды әскери коменданттарға, әскери бөлімдердің командирлеріне беру.

4. Жолаушылар поездарына ілесіп жүру жөніндегі патрульдік полиция бөлімшесі командирінің құқықтары мен міндеттері

22. Бөлімше қызметін ұйымдастырады. Бөлімше қызметін ұйымдастыруға, оған жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға, заңдылықты сақтауға жеке жауапкершілікте болады.

23. Бөлімшенің қатардағы және басшы құрамын тағайындау, оларды лауазымдарынан босату, алғашқы даярлықтан өткізу, біліктілігін көтеру туралы ЖПО, КПО басшылығына ұсыныстар енгізеді.

24. Қатардағы және басшы құрамның қызметтік аттестациясына материалдар дайындайды, оларды арнайы атақ беруге ұсынады, кезекті еңбек демалыстарына рұқсат береді.

25. Белгіленген тәртіпте әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту туралы ұсыныстар енгізеді.

26. Өз құзыретінің шегінде жеке құрамға тәртіптік жаза қолданады және көтермелейді.

27. Алдыңғы қатарлы озық тәжірибені, жұмыстың жаңа нысандары мен әдістерін әзірлейді және оны бөлімше қызметіне енгізеді, бөлімше қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

28. Жедел жағдай ахуалын талдайды. Жоспар құрады және жасалған жұмыс нәтижелерін есепке алады.

29. Іздеу шараларын ұйымдастырады және оны өткізуді қамтамасыз етеді.

30. Кәсіби даярлық жүйесінде бөлімше жеке құрамын тәрбиелеуді және оқытуды, атыс қарулары мен арнайы құралдарды қолдану ережелері бойынша сынақ тапсыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Әкімшілік полиция департаменті